# ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІНІҢ 2024-2029 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ДАМУ БАҒДАРЛАМАСЫ

*Даму бағдарламасы Өкілетті Кеңестің*
*№76 24 ақпан 2024 ж. мәжілісінде талқыланып, бекітілді.*

Түркістан-2024 ж.

# МАЗМҰНЫ


| | | Бет |
|---|---|---|
| **1.** | Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті даму бағдарламасының төлқұжаты | 3 |
| **2.** | Сыртқы орта мен ағымдағы жағдайларды талдау | 7 |
| **3.** | Миссия, мұрат, құндылықтар және даму перспективалары | 20 |
| **4.** | Стратегиялық бағыттар, мақсаттар, мақсатты индикаторлар және оларға қол жеткізу міндеттері | 22 |
| **5.** | 2029 жылға қарай күтілетін негізгі нәтижелер | 24 |
| **6.** | Мақсатты индикаторлар мен тиімділік көрсеткіштерін анықтау | 27 |
| **7.** | Ресурстар | 42 |
| **8.** | Қаржы-шаруашылық іс-әрекеттерінің көрсеткіштері | 43 |
| **9.** | Глоссарийлер және аббревиатуралар анықтамасы | 44 |
| **10.** | Қосымша | 45 |



# ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ ДАМУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ТӨЛҚҰЖАТЫ

| | |
|---|---|
| **БАҒДАРЛАМАНЫҢ АТАУЫ** | **Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің 2024-2029 жылдарға арналған даму бағдарламасы*** |
| **БАҒДАРЛАМАНЫ ӘЗІРЛЕУ ҮШІН НЕГІЗДЕМЕ** | Аталған негізгі құжаттардың мақсаттарына, міндеттеріне және негізгі аспектілеріне сәйкес Ахмет Ясауи университетінің 2024-2029 жылдарға арналған жаңа даму бағдарламасы әзірленді:<br>1. Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Жарғысы.<br>2. Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы;<br>3. «Білім туралы», «Ғылым туралы» және «Ғылыми және (немесе) ғылыми техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңдары;<br>4. Түркия Республикасының Жоғары Білім Туралы Заңдарының университетіміздің міндетті ережелері.<br>5. 2021 жылдың 18 маусымында қол қойылған Орталық Азия Жоғары Білім Беру Аймағын құруға - Түркістан Декларациясы.<br>6. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түркия Республикасының Үкіметі Арасындағы Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық түрік-қазақ Университетінің жұмыс істеуі туралы келісім. |
| **БАҒДАРЛАМАНЫ ӘЗІРЛЕУШІ** | Ректор кеңесшісі, Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры, Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығының басшысы. |

| | |
|---|---|
| **БАҒДАРЛАМАНЫҢ БАҒЫТЫ ЖӘНЕ МАҚСАТТАРЫ** | **СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТ 1. ТҰРАҚТЫ ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ ДАМУ**<br>Мақсат 1.1. АЯУ корпоративтік басқарудың тұрақтылығын қамтамасыз ету<br>1.2. АЯУ имиджі мен беделін нығайту<br>**СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТ 2. Академиялық үстемдікке қол жеткізу**<br>Мақсат 2.1. Аймақтық, ұлттық және халықаралық деңгейде бәсекеге қабілетті кадрларды сапалы дайындау үшін білім беру экожүйесін құру.<br>Мақсат 2.2. Тұлғалық даму үшін қолайлы жағдай жасау және білім алушылардың қоғамдық белсенділігін арттыру (3-миссия)<br>**СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТ 3.Ғылыми-инновациялық әлеуетті арттыру**<br>Мақсат 3.1. Зерттеу экожүйесін дамыту<br>Мақсат 3.2. Ғылыми ізденістердің нәтижелілігін арттыру.<br><br>**СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТ 4. КЛИНИКАЛЫҚ ДИАГНОСТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҚТЫ ДАМЫТУ**<br>Мақсат 4.1. Түркістан облысының тұрғындарына сапалы медициналық көмек көрсету<br>Мақсат 4.2. Жоғары медициналық білімі мен ғылымын дамыту |
| **БАҒДАРЛАМАНЫ ІСКЕ АСЫРУ МЕРЗІМДЕРІ МЕН КЕЗЕҢДЕРІ** | 2024-2029 жылдар. |
| **ҚАРЖЫЛАНДЫРУ КӨЗДЕРІ** | - Қазақстан және Түркия тарапынан бюджеттік қаржылар;<br>- Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалардың гранттық қаржылары;<br>- Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық бағдарламалар бойынша бағдарламалық-мақсатты қаржылар;<br>- Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру;<br>- Жергілікті атқарушы орган және бизнес өкілдерінің қаражаты;<br>- Үкіметаралық Өкілетті кеңес қаржылары. |

*2024-2029 жылдарға арналған Стратегияны өзектендіру үшін негіз – «Қазақстан Республикасында жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулысының шығуы. Жаңартылған Стратегияның негізі 2022-2026 жылдарға арналған Стратегия болып табылады. Ахмет Ясауи университетінің Қазақстан Республикасы мен Түркия Республикасы нормативтік құжаттары мен заңдарының мақсаттары, міндеттері мен негізгі бағыттарына сәйкес әзірленген 2022-2026 жылдарға арналған Даму стратегиясы 19.02.2022 ж. №71 Үкіметаралық Өкілетті Кеңестің отырысында талқыланып, қабылданды. https://old.ayu.edu.kz/strategijaly-zhospar .

## 1.1. ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТТЕР

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті (бұдан былай Ахмет Ясауи университеті), Қазақстан және Түркия Республикаларының халықаралық, автономды мәртебеге ие, ортақ мемлекеттік оқу орны болып табылады.

Ахмет Ясауи университеті — түркі әлеміндегі бірегей университет, ЖОО-да әлемнің 17 елінің жастары және 27 ұлт пен ұлыс өкілдері арасында мәдениетаралық диалогы мен ұлтаралық толерантты тәрбие жүріп жатыр. Қазіргі жаһандану жағдайында Түркі тілдес әлемді рухани біріктіруші білім беру орталығы ретінде Ахмет Ясауи университетінің идеологиялық маңызы зор.

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрік Республикасының Үкіметі арасындағы Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университетінің қызмет шарттары туралы келісім, 2009 жылғы 22 қазандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрік Республикасының Үкіметі арасындағы Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университеті қызметінің шарттары туралы келісімге өзгеріс енгізу туралы хаттама ратификацияланды.

Өкілетті Кеңес ортақ мекеме – ортақ басқару ұстанымын басшылыққа ала отырып, университетті басқаруда әкімшілік-шаруашылық, қаржылық және академиялық әдістер мен негіздерді белгілеу құзыретіне ие, университеттің заңды тұлғалық мәртебесіне өкілдік ететін ең жоғары шешім қабылдаушы органы болып есептеледі. Өкілетті Кеңес төрағасының орынбасары және университет ректорын қосқанда 4 (төрт) мүшесі Қазақстан Республикасының Үкіметі тарапынан жоғары лауазымды мемлекеттік қызметкерлер арасынан қолданыстағы заңнамаға сәйкес тағайындалады. Өкілетті Кеңес мүшелерінің жұмыс істеу мерзімі – 5 (бес) жыл.

Ахмет Ясауи университеті Жарғысына сәйкес, Университет ректоры Өкілетті Кеңестің келісімімен Қазақстан Республикасы тарапынан қолданыстағы заңнамаға сәйкес 5 (бес) жылдық мерзімге тағайындалады. Ректор өкілі (I вице-ректор) Өкілетті Кеңес Басқармасының ұсынысы негізінде Түркия Республикасының Жоғары білім кеңесінің Атқару кеңесі тарапынан 4 (төрт) жылдық мерзімге тағайындалады. Басқа вице-ректорлар, Өкілетті Кеңес тарапынан белгіленген саннан аспау шартымен университет ректоры тарапынан тағайындалады.

Ахмет Ясауи университеті – Қазақстандағы жетекші көпсалалы университеттердің бірі. Университеттің көп деңгейлі білім беру жүйесіне мыналар кіреді: жоғары базалық білім (бакалавриат), интернатура, магистратура, резидентура және докторантура.

Университет жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру шеңберінде медицина мамандарын даярлауды бастады және «full university» университеттерінің халықаралық санатына ие.

## 1.2. Ахмет Ясауи университетінің корпоративтік құрылымы



# 2. СЫРТҚЫ ОРТА МЕН АҒЫМДАҒЫ ЖАҒДАЙЛАРДЫ ТАЛДАУ

## *2.1. Жоғары білім мен ғылымның даму тенденциялары*

Әлемдегі жоғары білім мен ғылымның дамуы келесі жаһандық тенденциялармен анықталады:

– жоғары білім беруді жаппай қол жетімді ету;
– интернационалдандыру;
– университеттер мен бизнестің мемлекетпен өзара әрекеттесуі (үштік спираль);
– жоғары білім беруді цифрландыру, жасанды интеллектті қолдану, Big Data;
– академиялық артықшылық бастамалары;
– университеттердің білім беру қызметтері мен ғылыми зерттеулерінің сапасына қойылатын талаптарды арттыру;
– қоғамға қызмет етуге бағдарлану;
– университеттердің корпоративтік басқаруды және академиялық еркіндігін дамыту
– ресми және бейресми білім беруді интеграциялау.

Қазақстан Республикасының Жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасына сәйкес жоғары білім мен ғылым жүйесін дамыту мынадай <u>қағидаттарға</u> негізделеді:

– сапалы жоғары білім алуға барлығының тең құқығы; интеллектуалдық дамуын, психофизиологиялық және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, халық үшін жоғары білімнің қолжетімділігі;
– оқу үрдісінің үздіксіздігі, оның деңгейлерінің сабақтастығын қамтамасыз ету;
– жеке оқу жолын еркін таңдау және үздіксіз білім беру арқылы дағдылар мен құзыреттілікті меңгеру;
– еңбек ресурстарының ұтқырлығы – қызмет бейінін өзгерту және әртүрлі бағыттар бойынша қатар кәсіптік білім алу мүмкіндігі;
– ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатындағы ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметтің басымдылығы;
– мемлекеттік қолдау алу кезінде ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілерінің ашықтығы, объективтілігі және теңдігі;
– ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламалар сараптамасының объективтілігі мен тәуелсіздігі;
– ғылым, білім, бизнес және өндірістің интеграциясы;
– халықаралық ғылыми және ғылыми-техникалық ынтымақтастықты дамыту;
– экономиканың басым секторларында технологияларды коммерцияландыруды ынталандыру, жеке кәсіпкерлік субъектілерінің ғылыми, ғылыми-техникалық және инновациялық қызметті дамытуға қатысуы үшін көтермелеу және жағдай жасау.

Қазақстан Республикасының жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасына сәйкес жоғары білім және ғылым саласына мынадай стратегиялық тәсілдер айқындалған:

– жоғары білімге қолжетімділікті кеңейту;
– мамандарды даярлау жүйесінің озық кадрлық қамтамасыз ету моделіне көшуі;
– жоғары білімнің инфрақұрылымы мен цифрлық архитектурасын дамыту;
– жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді интернационалдандыру;
– университеттің үшінші миссиясы;
– үздіксіз білім беру жүйесін дамыту және бейресми оқыту нәтижелерін тану;

– сертификаттау жүйесін дамыту және ақпараттық жұмыс арқылы халықты бейресми біліммен қамтуды кеңейту;
– азаматтардың цифрлық құзыреттілігін арттыру;
– ғылымды басқарудың жаңа моделін енгізу;
– ғылымның интеллектуалдық әлеуетін нығайту;
– ғылыми инфрақұрылымды жаңғырту және цифрландыру;
– университет ғылымының дамуы;
– қолданбалы ғылымды және ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижесін коммерцияландыру экожүйесін дамыту.

## 2.2. Аймақтың сипаттамасы

Әкімшілік орталығы – Түркістан қаласы – Қазақстанның ең көне қалаларының бірі, онда 191,3 мың адам тұрады. Түркістан қаласы тарихи туризмнің алтын бесігі бола отырып, ежелгі заманнан бері рухани астана болып саналған отандық және шетелдік туристер арасында өте танымал, жылына миллионнан астам туристерді қабылдай алады.

Түркістан облысының негізгі мәселелеріне мыналар жатады: жұмыссыздықтың жоғары деңгейі; өңір өнеркәсібінің 50%-дан астамы тау-кен саласына тиесілі; ірі қайта өңдеу кәсіпорындары негізінен тау-кен саласымен, оның ішінде уран кенін өндірумен байланысты; жоғары білікті кадрлардың тапшылығы, әсіресе Агроөнеркәсіптік кешенде (агроном, технолог және т. б.); қолайсыз экологиялық жағдай, соның ішінде су тапшылығы.

Аймақтың бәсекелестік артықшылықтары: Батыс Еуропа – Батыс Қытай халықаралық көлік дәлізінің арқасында аймақтың қолайлы географиялық орналасуы; топырақтың жоғары құнарлылығы, күн сәулесінің көптігі (жылына 9 ай); ауыл шаруашылығы алқаптарының айтарлықтай аумақтарының болуы; тарихи, мәдени және археологиялық нысандар туристік әлеуетті кең көлемде жүзеге асыру үшін қолайлы жағдайлар жасайды; баламалы энергия көздерін дамыту мүмкіндігі.

Даму перспективасында Түркістан қаласының экономикасы өнеркәсіптің мынадай базалық салаларымен ұсынылған: тамақ өнеркәсібі, жеңіл өнеркәсіп, құрылыс индустриясы, ауыл шаруашылығы машиналарын жасау.

Аймақ үшін басым бағыттар болып мыналар табылады: агроөнеркәсіптік кешен секторларының бәсекеге қабілеттілігін арттыру; ауылдың тіршілігін қамтамасыз етуді жақсарту және ауылдық жердің әлеуетін арттыру үшін жағдайлар жасау; бизнестің экономикалық белсенділігінің өсуі үшін қолайлы жағдайлар жасау; туризмді дамыту – бизнесті дамытудың жаңа ұясы ретінде; азаматтар үшін тұрғын үйдің қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін тұрғын үй құрылысының қарқынын арттыру; халықты сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету; жергілікті жолдардың жағдайын жақсарту; аймақтағы экологиялық жағдайды жақсарту; халықты және аумақты төтенше жағдайлардан қорғауды арттыру; халықты жұмыспен қамтамасыз ету, аймақтағы жұмыс күші тапшылығын азайту; халық денсаулығының көрсеткіштерін жақсарту; білім сапасы мен қолжетімділігін арттыру; бұқаралық спорт түрлерін дамыту.

2021 жылдан 2025 жылға дейінгі кезеңге өңіраралық позициялауды, табиғи-ресурстық жағдайларды, өңірдің ағымдағы мамандануын ескере отырып, 3 стратегиялық бағыт айқындалды:

1) Түркістан қаласының экономикасын мамандандыру салаларын қалпына келтіру және дамыту;

2) Ауыл шаруашылығы машиналарын жасау және ауыл шаруашылығын интенсификациялау;

3) «Smart City» технологиялары негізінде қаланың «жасыл» ЭКО-секторын қалыптастыру.

Туристік индустрияны дамытуды Қазақстан Республикасының Үкіметі экономиканың басым секторларының бірі ретінде айқындады. Түркістан облысында туризмді дамытудың 3 бағыты анықталды: «экологиялық туризм», емдеу-сауықтыру туризмі, тарихи-танымдық туризм. Қаланың жаңа құрылысын қалыптастыру Ахмет Ясауи университетімен байланысты. Түркістан қаласын дамытудың бұл бағыты оның халықаралық маңызы бар ғылыми-білім беру орталығы ретіндегі мәртебесін кеңейтуді білдіреді.

## 2.3. Ахмет Ясауи университеті

**2.3.1.** Қазақстан мен Түркия арасындағы үкіметаралық келісім негізінде құрылған Ахмет Ясауи университеті түркітілдес елдердің жастарынан заманауи жоғары білікті мамандар даярлау мақсатында түркі әлемінің рухани орталығы – Түркістанда орналасқан.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев пен Түркия Премьер-министрі Сүлейман Демирелдің 1992 жылғы 1 мамырдағы ресми кездесуі кезінде жоғары оқу орнына «халықаралық университет» мәртебесі берілді.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2020 жылғы 15 қаңтардағы Жарлығымен Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетіне ерекше мәртебе берілді.

Университет өзі құрылған күннен бастап Түркістан қаласының қала құраушы нысанына айналды және аймақтың білім беру, ғылыми, мәдени, әлеуметтік әлеуетін арттыруға елеулі әсер етті.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің қатысу аясы Қазақстанның оңтүстік өңіріне таралады және Түркістан мен Қызылорда облыстарын, сондай-ақ жақын және алыс шетелдердің түркітілдес елдерін қамтиды. ЖОО-ның тұтынушылары өңірдің экономикасы мен әлеуметтік саласының барлық салалары, оның ішінде денсаулық сақтау саласы болып табылады, олар үшін ЖОО мамандар даярлайды.

Университет осы уақыт ішінде жоғары кәсіби және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласында 90 мыңнан астам жас маманды даярлады, олардың ішінде бүгінде өз Отанының игілігі үшін табысты еңбек етіп жатқан жақын және алыс шетелдерден келгендер де бар.

**2.3.2.** Бүгінде университет заманауи көп бейінді университет ретінде қалыптасты: жеткілікті материалдық-техникалық база құрылды, оқу ғимараттары, кітапханасы, жатақханалары бар университет қалашығы (кампус) салынды; көп деңгейлі кадрларды даярлау іске асырылуда: жоғары базалық білім (бакалавриат), интернатура, магистратура, резидентура және докторантура. Қазіргі уақытта университетте 1000-нан астам оқытушы жұмыс істейді, орташа ғылыми дәрежелілік көрсеткіші – 46%. Профессор-оқытушылар құрамының (бұдан әрі – ОПҚ) және әкімшілік персоналдың шамамен 5%-ы Түркиядан және басқа да шет мемлекеттерден келген мамандардан құралған.

**2.3.3.** Ахмет Ясауи университеті QS WORLD UNIVERSITY RANKINGS 2023 бойынша биыл 787-ші орында.

Ахмет Ясауи университеті аймақтық рейтингілерге де қатысып, QS Asia University Rankings рейтингісінде, Азия құрлығындағы 856 университет арасында 203-ші орынға ие болды.

Сонымен қатар, оқу орнымыз аталмыш рейтингтегі Орталық Азия мемлекеттерінің 53 университеті арасынан 7-ші орыннан көрінді.

Біріккен Ұлттар Ұйымының Тұрақты даму мақсаттарына (SDG) сәйкестігін бағалайтын Times Higher Education Impact Rankings жаһандық нәтижесі бойынша университетіміз 112 елдің 1591 университеттің қатарында.

Оқу орнымыздың веб-сайты Webometrics Ranking of World Universities-2023 рейтингінде 4845-ші орынды, ал отандық жоғары оқу орындары арасында 9-шы орынды иеленді.

2022-2023 оқу жылының «Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі» (АРТА – IAAR) арқылы университетіміз институционалдық аккредиттеу процедурасынан өтіп, 5 жыл мерзімге сертификатталды.

Ахмет Ясауи университеті 2023 жылы әлемнің ең үздік университеттерінің пән бағыттары бойынша кезекті рет үш жоғары рейтингісінен көрінді.

- «Өнер және гуманитарлық ғылымдар» (Arts & Humanities) салалық рейтингісінде 394-ші орында;
- «Заманауи тілдер» (Modern Languages) пәндік рейтингісінде 215-ші орында (201-250 аралығындағы позицияда);
- «Білім және оқыту» (Education and Training) пәндік рейтингісінде 301-350 аралығындағы позицияда.

### 2.3.4. Білім беру қызметі

Бүгінгі таңда Ахмет Ясауи университетінде 9900-ден астам студент білім алып жатыр (дайындық – 545 тыңдаушы, бакалавриат – 8066 студент, магистратура – 338, интернатура – 821, резидентура – 181 және докторантура - 49), оның ішінде 17 елден 1061 білім алушы.

1-кесте – Кадрларды даярлау бағытына сәйкес білім алушылар контингенті (2023-2024 оқу ж.)

| **Факультеттер** | Саны | % |
|---|---|---|
| Экономика, басқару және құқық | 935 | 9,1 |
| Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар | 573 | 5,8 |
| Филология | 1524 | 15,3 |
| Жаратылыстану ғылымдары | 1792 | 18,0 |
| Инженерия | 402 | 4,0 |
| Медицина | 1191 | 12,0 |
| Стоматология | 613 | 6,2 |
| Жоғары медициналық білімінен кейінгі білім беру | 1067 | 10,7 |
| Спорт және өнер | 1023 | 10,1 |
| Теология | 333 | 3,3 |
| Дайындық орталығы | 545 | 5,5 |
| Барлығы | 9939 | 100 |

Білім беру қызметі білім берудің барлық деңгейлері мен тоғыз саласында 160 білім беру бағдарламасы бойынша жүзеге асырылады (сурет 2): Педагогикалық ғылымдар, өнер және гуманитарлық ғылымдар, әлеуметтік ғылымдар, журналистика

және ақпарат, бизнес, басқару және құқық, жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары, денсаулық сақтау және әлеуметтік қамсыздандыру (медицина). Білім беру бағдарламаларының 7-і 2023 жылы жаңадан енгізілген (4,5 %), 109-ы жаңартылған (69,5 %).

Академиялық комитеттер ішкі және сыртқы мүдделі тараптардың, аймақтық еңбек нарығының ұсыныстарын және сұраныстарын зерттеп, зерделеп, нәтижесінде 2022-2023 оқу жылында:

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **67 бакалавриат** | **2 интернатура** | **45 магистратур** | **31 резидентура** | **15 докторантура** |

2- сурет. Деңгейлері бойынша білім беру бағдарламаларының саны

Жетекші халықаралық университеттермен стратегиялық серіктестік қарым-қатынас орнату Ахмет Ясауи университетінің институционалды дамуын жеделдетуде маңызды рөл атқарды.

Түркиялық жоғары оқу орындары университеттің стратегиялық серіктестері болып табылады. Жалпы, Ахмет Ясауи университеті 50-ден астам университетпен белсенді жұмыс істейді.

Бүгінгі таңда жоғары оқу орны шетелдік жоғары оқу орындарымен ынтымақтастық туралы 180 келісім-шарт, "Erasmus+" халықаралық кредиттік ұтқырлық (ICM) бағдарламасы бойынша (Сивас Жумхуриет, Думлыпинар, Ушак, Эскишехир Памуккале және т.б. университеттерімен) 24 келісім-шарт және "Erasmus+" жоғары білім берудегі әлеуетті арттыру (CBHE) ғылыми жобалар бағдарламасы бойынша (Испания, Италия, Кипр, Өзбекстан, Қазақстан ЖОО мен) серіктес болып консорциум жобасына қатысты.

«Мевлана» академиялық ұтқырлық бағдарламасы шеңберінде екі жақты келісім негізінде Түркияның жетекші жоғары оқу орындарымен (Хаджеттепе университеті, Гази университеті, Эрджиес университеті, Эге университеті, Памуккале университеті) және «Орхун» бағдарламасы шеңберінде Әзірбайжан, Қазақстан, Қырғызстан, Мажарстан, Өзбекстан және Түркиядан 49 университетпен ОПҚ-ның және білім алушылардың академиялық ұтқырлығы жүзеге асады.

Жыл сайын орта есеппен 60 студент академиялық ұтқырлық бағдарламалары шеңберінде шетелге оқуға жіберіледі.

Визитинг профессор бағдарламасы аясында дәріс-семинар беру үшін жыл сайын Ұлыбритания, Испания, Норвегия, Ресей, АҚШ, Түркия, Азейрбаджан, Өзбекстан және Кырғызыстан жоғары оқу орындарынан (Оксфорд, Эксетер, Лестер, Кембридж, Брунел, Гази, Хажетепе және т.б.) танымал профессорлар шақырылады.

Университеттің 30 жылдық тарихында қазақстандық және түркі әлемінің жастарын Тұрақты даму мақсаттарына, басқару менеджменті мен оқу орнының мәдени бағыттағы ерекшеліктеріне сәйкес тәрбиелеудің бірегей жүйесі қалыптасты. Білім алушының тұлғасын дараландыру Жастар саясаты және түркі халықтары жастарының мәдени тұтастығы мен бірегейлігі тұжырымдамасы шеңберінде жүзеге асырылады.

Университеттің мәдени бағытының бірегей жобасы – «Ясауи мәдениетін» қалыптастыру тұжырымдамасы жүзеге асырылуда. Ясауи мәдениетін қалыптастыру идеясы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында жүзеге асырылуы

тиіс. Ясауидің мұрасы мен ілімдері осы бағытта негізгі қозғалыс функциясын орындауы тиіс.

Ғасырлар бойы жинақталған діни тәжірибе мен білімді, діни мәдениет ескерткіштері мен дін қайраткерлерінің мұрасын, халықтың ортақ рухани байлығын зерттеу және дамыту мақсатында университетте Өкілетті Кеңестің шешімімен 2021 жылы теология факультеті ашылды. Қазақстан мен Түркия Ахмед Ясауи, Юнус Эмре мен Мевлана ілімдерімен толықтырылған Ханафи-Матуриди дәстүрлерінің өкілдері болып табылады. Сондықтан, түркі-ислам мәдениеті Түркістаннан бүкіл түркі әлеміне таралуы керек. Бұл бағытта біздің университет пен теология факультеті жетекші рөл атқаруы тиіс.

### 2.3.5. Ахмет Ясауи университетінің ғылыми қызметін талдау

Ахмет Ясауи университетінің ғылыми-зерттеу және инновациялық қызметі білім, ғылым және инновацияны одан әрі интеграциялауға негізделген. Университет ғалымдары түркология, археология, дінтану, тарих, экономика, математика, физика, ақпараттық технологиялар, экология, электр энергетикасы, биотехнология, медицина және т.б. салаларда зерттеулер жүргізеді. Университеттің ғылыми портфолиосы 3-суретте көрсетілген.




3-сурет – Ахмет Ясауи университетінің жетістіктері (2023ж.) (цифрлармен)

Университетте өзінің ғылыми мектептері қалыптасты, өңірдің әлеуметтік-экономикалық және ғылыми-техникалық дамуының өзекті мәселелерін шешу үшін ғылыми негіз және әлеует бар.

Ахмет Ясауи университеті перспективалық және ұзақ мерзімді сипаттағы іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулердің орындаушысы болып табылады.

Жалпы, университет инновацияларды тиімді және өнімді өндіру үшін ғылыми және инновациялық экожүйе құрады (4-сурет).




**4-сурет – Ахмет Ясауи университетінің инновациялық экожүйесі**

Университетте «ҚР Мемлекеттік ұлттық ғылыми-техникалық сараптама орталығы» АҚ-да бекітілген ҒЗЖ-ның 31 бастамашыл бағыты бар, олар университеттің Үкіметаралық Өкілетті кеңесімен қаржыландырылады. Оқу процесіне және өндіріске 158 ҒЗЖ енгізілді.

Бүгінгі таңда университетте 35 жоба жүзеге асырылуда:

- 2021-2023 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша жас ғалымдарды гранттық қаржыландыруға арналған конкурс бойынша -1;
- 2021-2023 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалардың гранттық қаржыландыру конкурсы бойынша – 6;
- 2021-2023 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық бағдарламалар бойынша бағдарламалық-мақсатты қаржыландыруға арналған конкурс бойынша -1;
- 2022-2024 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша жас ғалымдарды гранттық қаржыландыруға арналған конкурс бойынша -1;
- 2022-2024 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалардың гранттық қаржыландыру конкурсы бойынша – 7;
- 2023-2025 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша жас ғалымдарды гранттық қаржыландыруға арналған конкурс бойынша -2;
- 2023-2025 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалардың гранттық қаржыландыру конкурсы бойынша – 15;
- 2023-2025 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық бағдарламалар бойынша бағдарламалық-мақсатты қаржыландыруға арналған конкурс бойынша -1;
- Орталық Азия өңірлік экономикалық ынтымақтастық институты қаржыландыратын «Multi-Vector Ocean Corridors-policy Proposals for Development of the Northern Corridor» халықаралық жобасы бойынша -1;
- Ғылым және технология саласындағы Еуропалық ынтымақсаттық (COST) қорының «Blastocystis under One Health» атты халықаралық ғылыми жоба – 1;

Жобалардың жалпы қаражаты – 2 446 727 356,72 теңгені құрайды.

Коммерцияландыру бойынша ғылыми гранттар университет ғылымын дамытудың жаңа бағыты болып табылады. Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық

қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жөніндегі республикалық конкурстың қорытындысы бойынша ҚР БҒМ Ғылым комитетінің «Ғылым қоры» АҚ-нан жалпы сомасы 745,5 млн. теңгеге 4 ірі грант ұтып алынды. Бүгінгі таңда 402 млн.теңге сомасына 2 жоба табысты іске асырылып жатыр.

Ахмет Ясауи университетінің ғылыми жұмыстарын қаржыландырудың жалпы көлемі (гранттық, бағдарламалық-мақсатты, коммерцияландыру, ҒЗИ мен өндірістік кешен, ынталандыру қаржылары) 2020 жылы 642 774 635 теңгені немесе университет бюджетінен (6 632,2 млрд ₸) – 10,7 % құраса, бұл көрсеткіш 2021 жылы 993 841 464 теңгені, яғни университет бюджетінен (7 347,7 млрд ₸) – 13,5 % құрады, 2022 жылы 802 774 480 ₸ – университет бюджетінен (7 905,0 млрд ₸) – 10,1 % құрады.

Жергілікті атқарушы орган және бизнес өкілдерінің қаражаты есебінен қаржыландырылатын жобалардың үлесі 28 млн. теңгені құрады.

Қазақстандық және шетелдік ғылыми зерттеулердің, сондай-ақ талдамалық, ғылыми-көпшілік және өзге де материалдардың нәтижелерін жариялау мақсатында Ахмет Ясауи университетінің мынадай мерзімді басылымдары шығарылады
(http:// old.ayu.edu.kz/scientific-publications)

1) Clarivate analytics, Scopus деректер базасына кіретін «Bilig» журналы (Түркияда шығарылады);
2) «Ясауи университетінің хабаршысы» журналы (педагогика, филология бағыттары);
3) «Түркология» журналы;
4) «Қ.А.Ясауи атындағы қазақ-түрік университетінің хабарлары (математика, физика, информатика сериясы)».
5) «Eurasian Research Journal» халықаралық рецензияланған ғылыми журналы;
6) «Asia Europe» журналы.

**2.3.6.** Университет ғылыми-зерттеу институтында ғылыми-зерттеу қызметін жүзеге асырады.

Университетімізде экология, түркология, археология, дінтану, жаратылыстану, медицина, политика және экономика салаларында тың зерттеулер жүргізетін ғылыми-зерттеу институттары мен орталықтар жұмыс жасайды, олар:

1) Экология ғылыми-зерттеу институты;
2) Түркология ғылыми-зерттеу институты;
3) Археология ғылыми-зерттеу институты;
4) Жаратылыстану ғылыми-зерттеу институты;
5) Евразия ғылыми-зерттеу институты;
6) Ясауитану ғылыми-зерттеу институты;
7) Тұрақты даму ғылыми-зерттеу орталығы.

Үкіметаралық Өкілетті Кеңесінің шешімімен Ахмет Ясауи университеті жанынан Алматыда құрылған Еуразия ғылыми-зерттеу институты білім, мәдениет және қоғам салаларын, саясатты, экономиканы, энергетиканы, көлікті, әсіресе, Еуразия аймағы үшін Қазақстан мен Түркияға, түрік тілдес мемлекеттер мен қауымдастықтарға қауіпсіздік және т.б. салааралық ғылыми зерттеулерді жүргізуді мақсат етеді. Сондай-ақ, зерттеу нәтижелерін жариялау, сәйкес салалардағы жобаларға қолдау көрсету арқылы университеттің академиялық дамуына, Түркия мен Қазақстан арасындағы ғылыми ынтымақтастықты нығайтуға, тұрақты даму және аймақтық ынтымақтастықты тереңдету мен бейбітшілікті сақтауға үлес қосады.

Соңғы 15-20 жыл ішінде университет археология, түркология, ясауитану және түркі өркениетінің рухани құндылықтарын зерттеу саласында үлкен тәжірибе мен білім

жинақтады. Жыл сайын әлемнің жетекші ғалымдарының қатысуымен Халықаралық ғылыми форумдар өткізіледі. Ағылшын тілінде шығатын әлемге әйгілі «Түркология», «Bilig» журналдарынан бөлек, Еуразиялық зерттеу журналында университетіміздің және шетелден келген ғалымдардың зерттеулері де жарияланады.

Жыл сайын университет ғалымдары түркі өркениетінің тарихи және рухани құндылығы бар нысандарда археологиялық қазба жұмыстарын белсенді жүргізуде. Түркология институты қазіргі уақытта Александрия кітапханасы, Сауд Арабиясы, Түркия, Корея, Жапония, ЕО (Еуроодақ) және басқа елдердің мұрағаттарынан ежелгі қолжазбаларды зерттеуде. Университеттің археолог-ғалымдары өткен жылдың күзінде ежелгі Сығанақ қалашығында үлкен кешенді жұмыстар жүргізді, бұл осы объектіні ЮНЕСКО-ның мәдени мұралар тізіміне қосу жөніндегі мәселені қозғауға мүмкіндік берді.

Түркология ғылымының форсайт-зерттеулерінің кешенді жүйесін қалыптастыру жүзеге асырылуда.

### 2.3.7. SWOT-анализ

**S (Strengths) – Күшті жақтары (ықтимал позитивті ішкі факторлар)**

1. Университетте халықаралық және ерекше мәртебенің болуы және ҚР мен ТР-ның қаржылық және зияткерлік ресурстарын пайдалану мүмкіндігі.
2. Түркияның жетекші университеттерінен ОПҚ мен басқарушыларды тарту мүмкіндігі.
3. Өз құрылымында медицина мамандарын даярлайтын Қазақстандағы халықаралық деңгейдегі бірінші көпсалалы университет болуы.
4. Білім алушылар үшін Қазақстан мен Түркия ұсынатын мемлекеттік білім беру гранттарының болуы.
5. Заманауи кампус пен инфрақұрылымның болуы.
6. Университетте әлемнің 17 елінен келген 27 түркі халықтары өкілдерінің білім алуы арқылы түркі тілдерінің бірегей (жанды) зертханасын құруы.
7. Ұлттық және халықаралық рейтингтерде университет елдің және аймақтың үздік оқу орындарының қатарына кіруі.
8. Сапа менеджментін енгізуі және оны тұрақты іске асыруы.
9. Заманауи талаптарға жауап беретін жаңа кітапхананы пайдалануға беруі, Халықаралық ғылыми базалардың толық мәтіндерге қол жетімділігі.
10. Студенттерді ағылшын және түрік тілдеріне оқытуға бағытталған бағдарламалардың болуы, «тілді жетілдіру курсының (Foundation)» болуы, ТТЕ гранты бойынша білім алушылар үшін тегін курстар ұйымдастыруы.
11. Тілдерді оқыту мүмкіндігі (түрік, қазақ, ағылшын және орыс тілдері).
12. Түркия Республикасының озық жоғары оқу орындарымен тығыз ынтымақтастық туралы меморандумдар мен келісім-шарттардың болуы.

**W (Weaknesses) – Әлсіз жақтары (ықтимал негативті ішкі факторлар)**

1. Оқу-зертханалық базаның әлсіздігі, оқу алаңдары мен жатақханалардың жетіспеушілігі.
2. Студенттердің жатақханамен толық қамтамасыз етілмегендігі.
3. Өңірдің қажеттіліктеріне бағдарланған техникалық және басқа да мамандықтар бойынша (құрылыс, сәулет, ауыл шаруашылығы, ветеринария және т.б.) кадрлар даярлаудың іске асырылмауы.
4. Оқу үдерісінде көптілді топтардың аздығы.
5. Жетекші шетелдік жоғары оқу орындарымен, оның ішінде түрік университеттерімен қосдипломды және бірлескен білім беру бағдарламаларының болмауы.
6. Докторанттардың диссертацияларын уақтылы қорғаудың әлсіз көрсеткіші (түлектердің тек 40%-ы уақытында қорғайды).
7. Жұмыс берушілер есебінен білім алушылардың үлесінің төмендігі. Еңбек нарығындағы сұраныстың төмендігі, соның салдарынан жалақысы төмен жұмысқа орналасуға мәжбүрлігі.
8. Университеттің кадрларды даярлау стратегиясы мен түркітілдес елдерді дамыту бағдарламасы арасындағы байланыстың әлсіздігі.
9. ОПҚ тілдік құзыреттілігінің, сондай-ақ заманауи білім беру технологияларын меңгерудің әлсіз деңгейі.
10. Ағылшын және түрік тілдерін меңгерудің төмен деңгейіне байланысты білім алушылар мен оқытушылардың академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша шетелде оқу немесе тағылымдамадан өту мүмкіндіктерінің өте төмендігі.
11. Кейбір мамандықтар бойынша ғылыми дәрежеліліктің төмен деңгейі (медицина, стоматология, электр энергетикасы). Ғылыми дәрежесі бар жас оқытушылардың үлесі де аз, ОПҚ-ның шамамен 45%-ы - 40 жасқа дейінгі жас оқытушылар, олардың тек 25%-ында ғана ғылыми дәреже бар.
12. Біліктілігі мен әлемдік деңгейдегі тәжірибесі бар, елеулі

13. Ғылыми индексті «Bilig» журналының болуы.
14. Профессор-оқытушылар құрамының, кафедралар мен факультеттердің жұмыс нәтижелері бойынша еңбекті бағалау және ынталандыру жүйесінің болуы.
15. Медициналық мамандықтағы білім алушылардың клиникалық дағдыларын дамытуға және оларды бағалауға арналған жақсы жабдықталған симуляциялық орталықтың болуы.
16. Дарынды және талантты жастарды ғылыми ізденіске бейімдеу жүйесін жаңарту және дамыту («Ясауи пәндік олимпиадасы», «Дарын» РҒПО-мен тікелей байланыс).
17. Университетте түркітілдес елдер мен қоғамдастықтар жастарының шоғырлануы.
18. Өзінің медициналық клиникасының болуы.
19. Университетке шақырылған оқытушыларды, жетекші сарапшылар мен практиктерді тұрғын үймен қамтамасыз етілуі.
20. Білім алушылар мен оқытушылар арасында интернационалдандырудың жоғары деңгейі. ЖОО-да білім алушылардың 15%-ы шетелдік студенттер.
21. Түркістан рухани астана
22. Туризм индустриясы
23. Ботаникалық бақ

**O (Opportunities) – Мүмкіндіктер (ықтималды позитивті сыртқы факторлар)**

1. Түркістан облысының құрылуы және түркі әлемінің рухани орталығы ретінде Түркістан қаласының жандануы Ахмет Ясауи университетінің дамуы үшін жаңа мүмкіндіктерге бастама болады.
2. Университетті екі мемлекет тарапынан қолдау. Түрік университеттерімен кадрларды даярлау, бірлескен зерттеулер жүргізу, студенттердің ұтқырлығы және т.б. ынтымақтастық мүмкіндіктері.

халықаралық іс-шараларды жоспарлауға және іске асыруға қабілетті мамандардың тапшылығы.
13. Қазіргі уақытқа дейін университеттің археология, түркология, Ясауитану саласындағы ғылыми зерттеулерді әлемдік деңгейге шығару жөніндегі мүмкіндіктерінің іске асырылмауы.
14. 6 ғылыми-зерттеу институтының қызметі жеткілікті деңгейде жүзеге асырылмаған.
15. Өнертабыстар мен патенттерді коммерцияландырудағы қиындықтар.
16. Бизнес-қоғамдастықтармен, мемлекеттік органдармен және азаматтық қоғамдық институттармен (қоғамдық кеңестер, мектептер, қоғамдық ұйымдар) жұмыс істеу тетіктері жоқ.
17. Кәсіпкерлік мәдениетінің және технологияларды дамытудың болмауы.
18. Технопарк құру үшін ресурстардың жетіспеушілігі. Технопаркті басқарудағы қиындықтар.
19. Ахмет Ясауи университетін қаржыландырудың әртараптандырылмаған көздері.
20. Бітіруші түлектердің сапасын өлшеудегі қиындықтар.
21. Университеттің зерттеу гранттарын алуға арналған халықаралық конкурстарға қатысуының төмендігі.

**T (Threats) – қауіптер (ықтималды негативті сыртқы факторлар)**

1. Университет орналасқан өңірде ірі кәсіпорындардың, салалардың және ғылыми орталықтардың болмауы.
2. Ұлттық және халықаралық деңгейде жоғары білім беру саласындағы жоғары бәсекелестік.
3. Біздің өңірде жаңа ауруханалар мен отбасылық медицина орталықтарының ашылуына байланысты бәсекелестіктің күшеюі.
4. Жаңа технологиялар үшін қаржылық және адами ресурстардың жетіспеушілігі.

**3.** Франчайзинг моделі бойынша жұмыс істеуге дайын Түркия университеттерімен стратегиялық серіктестікті кеңейту – (Gazi University, Middle East Technical University, Hacettepe University, Marmara University, Yildiz Technical University).

**4.** Болашақ, Мевлана, Эразмус және т.б. бағдарламалары шеңберінде шетелдік оқу орындарында менеджмент саласындағы кәсіби біліктілікті жетілдіру арқылы университеттің басқару жүйесіне әлемдік тәжірибені енгізу мүмкіндігі.

**5.** Жұмыс берушілер тарапынан (КТЗ (Кентау), мектептер, клиникалар, қала және облыс әкімдіктері мен мемлекеттік органдар және т.б.) студенттерді практикаға бағытталған оқытуды құру бойынша бірлескен ынтымақтастық ниетінің болуы.

**6.** Қашықтықтан оқыту технологиясының көмегімен КазТЕП және ТүрТЕП негізінде жаһандық білім беру бағдарламаларын енгізу мүмкіндігі, бұл әлемнің кез келген нүктесінен қазақ, түрік, ағылшын және орыс тілдерінде білімге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

**7.** Білім беру, жастардың ұтқырлығы туралы құжаттарды өзара мойындау мәселесін шешетін білім беру бағдарламаларын үйлестіру мақсатында түркі әлемі университеттері үшін цифрлық платформаны құру түркі әлемі университеттерінің халықаралық рейтингтерде бірлесіп ілгерілеуіне ықпал етеді.

**8.** Ағылшын және түрік тілдерінде жүргізілетін пәндер тізбесін кеңейту арқылы академиялық ұтқырлық бағдарламасымен шетелдік жоғары оқу орындарынан келетін студенттер санын арттыру мүмкіндігі.

**9.** Қашықтықтан оқыту сапасын жақсарту және оны университеттің білім беру қызметіне кеңінен енгізу арқылы әртараптандырылған қолжетімді сапалы білім беру мүмкіндігі (оқу бағдарламалары, бленд-оқыту).

**10.** Түркияда PhD докторантура бағдарламалары бойынша мақсатты оқыту арқылы ғылыми дәрежелі оқытушылардың үлесін арттыру мүмкіндігі.

5. Аймақта тендерлерге қатысатын мамандандырылған фирмалар аз.
6. Өңірде жас білікті мамандардың жетіспеушілігі.

11. Университет ғалымдары мен оқытушыларының ғылыми-гранттық байқауларға (Ғылым комитеті, ҚР Тұңғыш Президенті Қоры, ТУБИТАК, ТИКА, Presidency for Turk sAbroad and Related Communities (YTB) және т. б.) белсенді қатысу мүмкіндігі.

12. Ауқымды ғылыми іс-шараларды ұйымдастыру мүмкіндігі (сапалы материалдық-техникалық база, қонақ үй, мәдениет сарайы, кітапхана, клиника және т. б.).

13. Шетелдік зерттеу институттарымен ынтымақтастық, жетекші халықаралық университеттермен өзара байланыс орнату және бірлескен зерттеу жобаларын жүзеге асыру мүмкіндігі.

14. Түркология, археология, теология, Ясауитану саласындағы әлемдік маңызы бар хабқа айналу мүмкіндігі.

| 3.2.2.2. ҚР Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған тізімге сәйкес ҚР дерекқорындағы ғылыми индекс жарияланымдарының саны | Саны | 159 | 170+ | 175+ | 180+ | 185+ | 190+ | 190+ | Ғылым департаменті |
| 3.2.2.3. Н-индексі (Хирша индексі ) алты (6) және одан жоғары ғалымдар саны | Саны | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 | 13 | 14 | Ғылым департаменті |
| 3.2.2.4. Ғылыми монографиялар/кітап тарауларының саны (Scopus, WOS) | Саны | - | 1 | 1 | 2 | 2 | 3 | 3 | Ғылым департаменті |
| ***Міндет 3.2.3.*** *Ғалымдардың инновациялық белсенділігін арттыру* | | | | | | | | | |
| 3.2.3.1. Мемлекеттік бюджет есебінен іске асырылған ҒЗЖ шеңберінде алынған патенттер саны | Саны | 2 | 2 | 3 | 3 | 4 | 4 | 5 | Коммерцияландыру офисі |
| 3.2.3.2. Халықаралық деңгейдегі патенттер және жіберілген өтінімдер | Саны | 1 | 1 | 2 | 2 | 3 | 3 | 3 | Коммерцияландыру офисі |

| Бағыттар, мақсаттар, міндеттер және көрсеткіштер | Өлшем бірлігі | Жоспарлы кезеңнің бастапқы мәні | 2024 | 2025 | 2026 | 2027 | 2028 | 2029 | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| саны (әр жылғы) | | | | | | | | | |
| **Мақсат 3.3. Ахмет Ясауи университетінің ғылыми-зерттеу институттарын дамыту** | | | | | | | | | |
| ***Міндет 3.3.1.*** *ҒЗИ-да қолданбалы ғылымды жетілдіру* | | | | | | | | | |
| 1) Жобалар саны (ғылыми, әлеуметтік, халықаралық, елдік және т.б.). (әр ҒЗИ үшін) | Саны | | +1 | +1 | +1 | +1 | +1 | +1 | Ғылым департаменті |

| Бағыттар, мақсаттар, міндеттер және көрсеткіштер | Өлшем бірлігі | Жоспарлы кезеңнің бастапқы мәні | 2024 | 2025 | 2026 | 2027 | 2028 | 2029 | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТ 4. КЛИНИКАЛЫҚ ДИАГНОСТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҚТЫ ДАМЫТУ** | | | | | | | | | |
| **Мақсат 4.1. Түркістан облысының тұрғындарына сапалы медициналық көмек көрсету** | | | | | | | | | |
| **Мақсатты индикаторлар:** | | | | | | | | | |
| 1) Ұлттық аккредиттеуді сәтті аяқтау | +/_ | + | - | - | + | - | - | + | Клиника басшылығы |
| **2)** Медициналық ұйымның медициналық техникамен жабдықталу деңгейі | % | 74% | 78% | 82% | 86% | 90% | 94% | 98% | Клиника басшылығы |
| 3) Пациенттің медициналық көмектің сапасына қанағаттануы | % | 60% | 65% | 70% | 75% | 80% | 85% | 90% | Клиника басшылығы |
| ***Міндет 4.1.1.*** *Стационарлық көмекті жақсарту.* | | | | | | | | | |
| 4.1.1.1. Енгізілген жаңа технологиялар саны | Саны | 1 | 2 | 2 | 2 | 2 | 2 | 2 | Клиника басшылығы |
| ***Міндет 4.1.2.*** *Амбулаториялық көмекті жақсарту* | | | | | | | | | |

| Бағыттар, мақсаттар, міндеттер және көрсеткіштер | Өлшем бірлігі | Жоспарлы кезеңнің бастапқы мәні | 2024 | 2025 | 2026 | 2027 | 2028 | 2029 | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 4.1.2.1. Тіркелген МСАК халық саны | Саны | 21256 | 19336 | 20500 | 21500 | 22000 | 22500 | 23000 | Клиника басшылығы |
| **Мақсат 4.2. Жоғары медициналық білімі мен ғылымын дамыту** | | | | | | | | | |
| ***Міндет 4.2.1.*** *Клиникалық тәлімгерлік институтының дамуы* | | | | | | | | | |
| 4.2.1.1. Университет кафедраларында сабақ беретін емхана дәрігерлерінің пайызы | % | 16 | 17 | 18 | 19 | 20 | 22 | 25 | Клиника басшылығы |
| ***Міндет 4.2.2.*** *Ғылыми және клиникалық қызметтің дамуы* | | | | | | | | | |
| 4.2.2.1. Клиникадағы ғылыми зерттеулер саны (оқытудың барлық деңгейлері) | Саны | - | - | 1 | 1 | 2 | 2 | 2 | Ғылым департаменті |

## 9. Ресурстар

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің қызметі «Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті» мекемесіне 2012 жылдың 03 ақпанында берілген № АБ 0137408 Мемлекеттік лицензиясы (тірк. 28.09.2012 жылғы № 990440008043) мен Жарғыға сәйкес жүзеге асырылады.

Университеттің оқу үдерісі жүргізілетін басты ғимараттары Түркістан кампусында орналасқан. 1991 жылы ашылған Қазақстан Республикасы Үкіметі тарапынан Ахмет Ясауи университеті балансына берілген ғимараттарда білім беру қызметтері жүргізілуде. Аталған ғимараттарға қоса, Қазақстан және Түркия Республикаларының қаржылай үлесімен құрылысы жүргізілген университет қалашығы орналасқан.

Жалпы оқытушы-профессорлар құрамы 900 ПОҚ, оның ішінде 231 ғылым кандидаты, 45 ғылым докторы, 140 PhD докторлары, 17 ҚР мем.марап.мен құр.атақ, 58 аға оқытушы, 111 аға оқытушы, магистр, 166 магистр, 132 оқытушы. ПОҚ дәрежелілігі 44%.

Университет Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарына қойылатын талаптарға жауап береді, интернационалдырудың ең жоғары деңгейіне ие: 19 мемлекеттен келген 27 ұлт өкілдерінен құралған 10 мыңнан астам білім алушы қазақ, түрік, орыс және ағылшын тілдерінде білім алады.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің санитарлық нормалар мен стандарттар талаптарына сәйкес келетін жалпы ауданы 211 923 м$^2$ заманауи материалдық-техникалық қуатты базасы бар. Заманауи құрал-жабдықтармен жабдықталған 690 орындық ғылыми кітапхана жұмыс жасайды. Кітапхана Web of Science, Scopus, Springer Link, Cochran Library дерекқорларының электронды ақпараттық ресурстарына, сондай-ақ Ulakbim (Түркия) электронды ақпараттық ресурстарына еркін қол жеткізуді қамтамасыз етеді.

Университетте бакалавриат, магистратура, докторантура және резидентура білім беру бағдарламаларының барлығы аккредиттелген. Оқу процесі 14 оқу және 2 әкімшілік ғимаратында орналасқан мекен-жайларда өтеді. Медицина факультетінің оқу зертханалары мен симуляциялық орталығы, университет клиникасы және «Яссы» қонақ үй кешені, университеттің мәдени орталығының ғимаратында орналасқан өндірістік орталық, екі мұражай (археология және тарих) қызмет етеді. Студенттерге арналған эксперименттік база студенттерге теориялық біліммен қатар практикалық дағдыларды алуға мүмкіндік береді.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ауданы 88 га болатын Ботаникалық бағында әртүрлі жеміс өсімдіктерінің, ағаштардың, бұталардың және гүлдердің 127 түрі мен сорттары бар.

Барлық оқу ғимараттарында жаттығу залдары мен жалпы ауданы 46 687 м$^2$ болатын 8 ашық спорт алаңы бар. Студенттер мен университет қызметкерлерінің денсаулығын сақтау, алғашқы медициналық көмек көрсету және жыл сайынғы профилактикалық іс-шараларды өткізу үшін жалпы ауданы 10 649,8 м$^2$ дәрігерлік амбулатория және емдеу-диагностикалық емханасы жұмыс істейді. Түркия бюджетінен мақсатты қаржыландыруға бөлінген қаражатқа спорт кешені, корттар, спорт алаңдары мен футбол алаңы салынып, жабдықталған. Жалпы ауданы 47 464,4 м$^2$ болатын 8 жатақханада 3000-нан астам студент тұрады. 500 орынға есептелген университет асханасы студенттер мен қызметкерлерді күнделікті тамақпен қамтамасыз етілген. Университет басшылығы 72 пәтерді құрайтын 10 коттеджде профессорлық-оқытушылар құрамының тұруына барынша жағдай жасауға да ерекше көңіл бөлген.

## 10. Қаржы-шаруашылық іс-әрекеттерінің көрсеткіштері

| Кіріс көздері | 2024 | 2025 | 2026 | 2027 | 2028 | Жалпы, 5 жыл |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Бюджет қаражатының барлығы, оның ішінде млн. теңге | 8500,0 | 8700,0 | 8900,0 | 9100,00 | 9300,00 | 44500 |
| ҚР бюджет қаражаты есебінен (қызметтер, стипендия, жол шығындары) | 5300,0 | 5400,0 | 7400,0 | 5500,00 | 5600,00 | 29200 |
| ТР бюджет қаражаты (қызметтер, стипендия, жол шығындары) | 3 200,0 | 3 300,0 | 3 400,0 | 3500,00 | 3600,00 | 17000 |
| Бюджеттен тыс ресурстар, (оқу ақысы) млн теңге | 1 697,0 | 1 707,0 | 1 717,0 | 1717,00 | 1717,00 | 8555 |
| Ұлттық жобалар (бюджеттен тыс ресурстар) | 744,0 | 612,0 | 600,0 | 600,0 | 600,0 | 3156 |
| Халықаралық жобалар (бюджеттен тыс ресурстар) | Келісім шартқа байланысты | Келісім шартқа байланысты | Келісім шартқа байланысты | Келісім шартқа байланысты | Келісім шартқа байланысты | Келісім шартқа байланысты |

## 11. Глоссарийлер және аббревиатуралар анықтамасы

| | | |
|---|---|---|
| **1.** | ТИКА | Түркияның ынтымақтастық және даму жөнінен басқармасы |
| **2.** | ТУБИТАК | Türkiye Bilimsel ve Teknolojik Araştırma Kurumu – Түркияның ғылым және технологиялық зерттеу ұйымы |
| **3.** | IELTS | Ағылшын тілінен білімді бағалаудың халықаралық жүйесі |
| **4.** | YUNUS EMRE | Юнус Эмре атындағы түрік мәдениеті орталығы |
| **5.** | КазТЕП | Қашықтықтан білім беру KazTEP институты |
| **6.** | ТүрТЕП | Қашықтықтан білім беру TurTEP институты |
| **7.** | ОПҚ | Оқытушы-профессорлар құрамы |
| **8.** | ҒЗИ | Ғылыми-зерттеу институты |
| **9.** | ҒЗЖ | Ғылыми-зерттеу жұмыстары |
| **10.** | Барлық ҚБ | Барлық құрылымдық бөлімдер |
| **11.** | «Атамекен» ҰКП | «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы |
| **12.** | QS-WUR | Quacquarelli Symonds World University Rankings |
| **13.** | STEAM | Science, Technology, Engineering, Art, Mathematics |
| **14.** | ҒЖБМ | Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі |
| **15.** | ҒЗИ | Ғылыми-зерттеу институты |
| **16.** | ДСМ | Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі |
| **17.** | ЖАО | Жергілікті атқарушы органдар |
| **18.** | ЖЖОКБҰ | Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары |
| **19.** | ҰБТ | Ұлттық бірыңғай тест |
| **20.** | ЮНЕСКО | The United Nations Educational, Scientific and Cultural Organization |
| **21.** | «ХБО «Болашақ» АҚ | «Болашақ» Халықаралық бағдарламалар орталығы» Акционерлік қоғамы |
| **22.** | ҒҰ | Ғылыми ұйымдар |
| **23.** | ҒЗТКЖ | Ғылыми зерттеу тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар |
| **24.** | ҒҒТҚН | Ғылыми және ғылыми техникалық қызмет нәтижелері |
| **25.** | «Ғылым қоры» | «Ғылым қоры» акционерлік қоғамы |
| **26.** | ГҚ | Гранттық қаржыландыру |
| **27.** | БМҚ | Бағдарламалық мақсатты қаржыландыру |
| **28.** | PhD | Философия докторы |
| **29.** | РСТ | Халықаралық патенттік кооперация туралы келісім шарт |
| **30.** | Q1, Q2 - квартиль (тоқсан) | дәйексөз деңгейін, журналдың ғылыми қоғамдастыққа деген сұранысын көрсететін библиометриялық көрсеткіштермен анықталатын ғылыми журналдар санаты |

**Қосымша 1**

**Негізгі тәсілдер**

**СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТ 1. ТҰРАҚТЫ ИНСТИТУЦИЯЛЫҚ ДАМУ**

1) Университет төңірегіндегі интеграция және басқарудың бірыңғай жүйесін құру дамудың бірыңғай стратегиясын енгізуге, ресурстарды пайдалануды оңтайландыруға және шығындарды төмендетуге, операциялық және медициналық қызметтің сапасы мен тиімділігін арттыруға және қаржылық өсуді ынталандыруға, қаржы ағындарын тиімді басқаруды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Корпоративтік басқаруды дамыту топ-менеджмент институтын нығайту, жобаларды басқару мен тәуекелдерді басқаруды барлық негізгі процестерге енгізу арқылы жүзеге асырылатын болады.

Университеттің заманауи инфрақұрылымы жаңа жобаларды дамытуға бағытталған зертханалар мен аудиторияларды материалдық-техникалық жабдықтауды, ақпараттық-ресурстық орталықтарды, «openspace» (ашық) офистерін қамтиды. Дәл осындай жабдықталған сандық платформа және Е-университет, Smart кампус білім алушыларға, қызметкерлер мен оқытушыларға қойылған міндеттерді барынша кәсіби түрде жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Сандық түрлендіру (digital transformation). Университеттің IT инфрақұрылымын жаңарту мен дамытуға, заманауи бағдарламалық қамтамасыз етуді қолдануға, тиімді және сапалы оқыту үшін қажетті техникамен жарақтандыруға, тренингтер, workshop, семинарлар өткізуге, электрондық оқулықтарды, онлайн курстарды, кітапханадағы электрондық көздерді ұлғайтуға және әртүрлі электрондық ресурстарға қол жеткізуге, университеттің ребрендингіне қол жеткізуге әкелетін университеттің Smart Campus құру.

Транспаренттілікті қамтамасыз ету мақсатында университетте ақпараттық технологиялар арқылы процестерді басқаруды қамтамасыз ететін «AYU» автоматтандыру жүйесі одан әрі дамытылады.

«Smart-университет» білім алушының цифрлық бейінін қалыптастыруды, EdTech цифрлық сервистерін дамытуды, цифрландырудың озық үдерістеріне сәйкес процестерді оңтайландыруды көздейтін болады. Компьютерлік техника парктері жаңартылады. Бұл ЖОО-ға еңбек өнімділігін арттыруға, стратегиялық және жедел қызметтің тиімділігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Кампус білім алушылар мен университет қызметкерлеріне арналған функциялар мен қызметтерді біріктіретін инновациялық экожүйе болады. Білім алушылар үшін бұл білім беру үдерісіне қатысты қолданыстағы қызметтер (кесте, оқу жоспарлары, электронды кітапхана жүйелері, портфолиолар, электрондық оқу ресурстары және т.б.) ғана емес, сонымен қатар жайлылық пен қауіпсіздікке қатысты мүлдем жаңа қызметтер болады.

Алға қойған стратегиялық мақсаттар мен міндеттерді табысты іске асыру үшін университеттің инфрақұрылымын дамыту қажет. Өкілетті Кеңес университеттің бас жоспарын бекітті. 1500 білім алушыға арналған 2 жатақхананы, оқу-зертханалық ғимаратты, жабық спорттық-сауықтыру кешенін, ОПҚ мен қызметкерлерге арнап үй салу, білім алушыларға демалыс және қызмет көрсету орталығын, Түркология ғылыми-зерттеу орталығының ғимараттарын және т.б. қайта жаңарту қажет.

Білім беру инфрақұрылымын нығайту және дамыту (аудиторияларды, оқу зертханаларын жабдықтармен жарақтандыру, қазіргі заманғы білім берудің цифрлық технологияларын енгізу). Инновациялық инфрақұрылым объектілерін салу (технопарк, бизнес-инкубатор, прототиптік цех және т.б.).

Кадрлық әлеуетті дамыту мақсатында кадр резерві ұдайы қалыптастырылатын және топ-менеджерлердің біліктілігі ұдайы арттырылатын болады. Жоғары білікті мамандарды тарту үшін ОПҚ еңбекақысының мөлшерін арттыру қажет.

Іріктеу, оқыту және дамыту, еңбекті ұйымдастыру және ОПҚ мен персоналды бағалаудың ең озық технологияларын енгізу.

Университет қызметкерлері мен білім алушылары ағылшын және түрік тілдерінде қатысуы жалғасады. Университеттің ОПҚ үшін жетекші қайта даярлау және біліктілікті арттыру ұйымдарының базасында қолданыстағы біліктілікті арттыру курстары жалғастырылатын болады. Университеттің инфрақұрылымы барлық процестердің тиімділігін қамтамасыз ету және барлық деңгейлерде сапалы білім алу үшін жағдай жасау, сондай-ақ өмір сүру жағдайлары мен өмір сүру сапасын қамтамасыз ету үшін дамитын болады. Бұл Ахмет Ясауи университетін Түркі әлемінің

жетекші университетіне айналдыру мәселелерін шешуге мүмкіндік береді.Университеттің дамуына инвестиция тарту топ-менеджерлердің стратегиялық міндеттерінің бірі болады.

Сондай-ақ, университет ересек тұрғындардың өмір бойы олардың қажеттіліктері мен қабілеттерін ескере отырып, бейресми білім берудің тиімді жүйесін құруға бағытталатын болады. Жұмыс берушілердің талаптары мен түлектердің біліктілігі арасындағы алшақтықты азайту мақсатында облыстың нақты өндірістік секторының кәсіпорындарымен (ұйымдарымен, кәсіпорындарымен) әріптестікте қысқа мерзімді курстардың шеңбері кеңейтіледі.

Халықтың бейресми білім беруге қатысуын арттыру және жаңа күнделікті білім тапшылығын жою үшін ересек халықты оқыту нәтижелерін тануға мүмкіндік беретін кредиттік (жинақтаушы) білім беру жүйесінің табысты тәжірибесіне негізделетін болады. Бейресми білім беру.

«Күміс университет» моделін әзірлеу үшін курстарды әдістемелік қамтамасыз ету және қолдау тетігі жетілдірілетін болады.

Компаниялармен және бизнеспен серіктестікте қысқа мерзімді курстардың ауқымы кеңейтілетін болады. Оқытуға және жұмысқа орналасуға мұқтаж адамдар санаттарының құзыреттілігін арттыруға бағытталған оқыту бағдарламалары іске асырылатын болады.

Ересек халықтың цифрлық сауаттылығын арттыру мақсатында базалық цифрлық сауаттылық және цифрлық технологияларды (базалық цифрлық және медианалар, ақпараттық қауіпсіздік дағдылары, Egov пайдалану және т.б.) танымал ету бойынша курс ұйымдастырылады.

Жаппай ашық онлайн курстарды жобалау және онлайн білім беру қызметтерін көрсету бойынша жұмыс жалғасады. Халықтың кең топтарының онлайн-білім алуға қол жеткізуін қамтамасыз ету үшін қолданыстағы платформа электрондық сертификаттар беруге бағдарланатын болады.

Түркістан облысы Қазақстанның экологиялық қолайсыз алты өңірінің бірі болып табылады. Қазақстанның оңтүстігіндегі аридті аймақтардың жерсіндірілген өсімдіктерінің экологиясы жеткіліксіз зерттелген. Осыған байланысты, экологиялық қолайсыздықты азайту және өңірдегі өсімдіктердің өсіп-өну жағдайларын жақсарту мақсатында 1994 жылы Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде ауданы 88 га жерге Ботаникалық бақ салынды. Ботаникалық бақта сәндік ағаштар мен жеміс-жидек дақылдарын өсірудің ғылыми негізделген әдістері, сондай-ақ осы ағаштардың сапалы тұқымын өндірудің жеделдетілген технологиялары жасалды, осы технологиялардың негізінде университет ғалымдары өсімдіктердің физиологиясын, биохимиясын, фитопатологиясын және минералды қоректенуін зерттеудің әдістемелік базасын жасады.

Өкілетті Кеңестің шешімімен университетте аграрлық факультет ашылатын болады.

Ботаникалық бақтың аумағы (88 гектардан астам) ауқымды болғандықтан, Ботаникалық бақтың тәжірибелік-эксперименттік секторының негізінде зертхана салу көзделеді, бұл ботаникалық бақтағы түрлі өсімдік түрлерін шағын зертханада оқшаулауға мүмкіндік береді.

Түркі халықтары арасындағы тығыз ынтымақтастықты, интеграциялық үдерістерді одан әрі дамытудың негізгі жолы түркі халықтарының терең тарихы мен ортақ мәдени құндылықтарын зерделеу және танымал ету жөніндегі шаралар кешенін әзірлеу болып табылады.

Діни туризм өңірді дамытудың маңызды бағыттарының біріне айналуы тиіс. Түркістан қаласын Бурса, Кония, Иерусалим және Медина қалалары сияқты түркі-ислам әлемінің мәдени және діни орталығына айналдыру керек:

«Түркі халықтарының мәдениеті» бөлімін құру, түркі әлемімен қарым-қатынастарды нығайту, түркі жастарының ортақ тарихын, ортақ мәдениетін, өнері мен әдебиетін, рухани құндылықтарын қалыптастыру мақсатында Түркістан облысының Қазақстан халқы Ассамблеясымен, ТҮРКСОЙ халықаралық ұйымдарымен бірлесе отырып, түркі мәдениеті мен өнерін дамыту бойынша іс-шаралар кешенін әзірлеу;

Түркітілдес халықтар мен елдер арасында достық қарым-қатынас орнатуда, ортақ түркі мәдениетін, тілін, тарихын, өнерін, салт-дәстүрлерін зерделеу мен насихаттауда ақпараттық технологияларды жетілдіру;

«Сакральды Қазақстан» жобасына сәйкес, Түркістан аймағындағы киелі мекендердің, зиярат орындарының, табиғи нысандардың картасын жасау, анықтамалық әзірлеу;

Радикалды діни ағымдарға қарсы тұру бойынша бірлескен іс-қимыл бағдарламаларын жетілдіру, зардап шеккендерді оңалту жұмыстарымен айналысатын мамандар құрамын жасақтау;

Университет базасында Қазақстан бойынша дін саласы мамандарын қайта оқыту мен біліктілік арттыру курстарын, семинар-тренингтер өткізетін орталық құру.

Университет Стамбулда жұмыс істейтін Ислам ғылыми-зерттеу орталығының үлгісінде түркология саласындағы жаһандық маңызы бар Хаб болу стратегиялық мақсатына жету үшін барлық алғышарттарға ие. Бұл үшін инфрақұрылымдық және ғылыми жобаларға тиісті қаржылық қолдау қажет.

Біздің университеттің мүмкіндіктерін халықаралық деңгейде қолдана отырып, Түркия мен басқа елдердің университеттерінде «Ясауитану» орталықтарын құру арқылы, виртуалды ортаны, фильмдер мен телехикаяларды түсіру арқылы әлемнің әр түрлі тілдерінде Ахмет Ясауи ілімін тарату керек.

Түркістанды және Ахмет Ясауидің ілімін шетелге танымал ету үшін кездесулер ұйымдастырып, басылымдар шығару, өңірдің әлеуметтік-экономикалық үдерістеріне зерттеулер жүргізу және өңірдің және түркітілдес әлемнің әлеуетін күшейту үшін жобаларды іске асыру керек.

## СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТ 2. АКАДЕМИЯЛЫҚ ҮСТЕМДІККЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗУ

1) Мамандарды даярлау жүйесі озық кадрлық қамтамасыз ету моделіне ауыстырылатын болады. Ол үшін ЖОО кадрларды озық даярлау саласындағы бизнес пен білім берудің күш-жігерін біріктіреді.

2) Контингентті қалыптастыру басқа өңірлерден талапкерлерді іріктеу есебінен, сондай-ақ ата-аналармен, мұғалімдермен және 7-11 сынып оқушыларымен кәсіптік бағдар беру жұмысы жөніндегі іс-шаралар кешенін әзірлеу және іске асыру жолымен қамтамасыз етілетін болады. Осы мақсатта жыл сайын Қазақстанның өңірлеріне, облыстарына және басқа қалаларына сапарлар ұйымдастырылатын болады.

3) Халықаралық кампусты дамыту және жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын интернационалдандыру жалғастырылатын болады.

4) Шетелдік жоғары оқу орындарымен ынтымақтастық туралы жаңа келісімдер мен меморандумдар жасалатын болады, бұл оқытушылар мен студенттердің шетелдегі білім беру көрмелеріне, форумдар мен семинарларға қатысу шарттарын кеңейтуге мүмкіндік береді.

5) Шетелдік оқытушылар мен шетелдік білім алушыларды тарту бойынша жұмыс жалғастырылатын болады. Академиялық ұтқырлықты дамыту үшін ЖОО білім алушылармен тұрақты ақпараттық кездесулер қамтамасыз етілетін болады. Академиялық адалдық және зерттеу этикасы қағидаты халықаралық университеттердің тәжірибесі негізінде институционалдық және академиялық деңгейлерде іске асырылатын болады.

6) Білім беру мазмұны пәнаралық және жаһандық білім беру бағдарламаларын дамытуға бағытталатын болады. Осындай бағдарламалар бойынша оқыту нәтижелері халықаралық аккредиттеуден өтуге мүмкіндік береді.

7) Алдыңғы қатарлы стандарттарды енгізу және білім беру сапасын арттыру үшін Түркия мен әлемнің жетекші университеттерінің қатарынан серіктестер анықтау. Білім беру бағдарламаларының түрлі бағыттары бойынша Түркияның жетекші жоғары оқу орындарының оқулықтарын аудару.

Бірыңғай желілік жалпы түркілік білім беру және ғылыми кеңістік құру жөніндегі идеяны Түркі Кеңесі деңгейіне жеткізу және университетті осы идеяны іске асыруда көшбасшы позициясында орнықтыру.

Жаһандық білім беру бағдарламаларын бірыңғай ақпараттық жүйе мен деректер базасы арқылы дамыту, бұл қашықтықтан оқыту технологиясының көмегімен әлемнің кез келген нүктесінен қазақ, түрік, ағылшын және орыс тілдерінде білімге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Шетелдік серіктес жоғары оқу орындарымен, оның ішінде QS рейтингінің ТОП-700 қатарынан серіктес жоғары оқу орындарымен екі дипломдық және бірлескен білім беру бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру жалғастырылатын болады.

Стратегиялық әріптес университеттермен бірлесіп кадрлар даярлаудың басым бағыттары бойынша қос дипломды, бірлескен білім беру бағдарламаларын енгізу.

8) Жаңа білім беру бағдарламаларын, атап айтқанда, пәнаралық, инновациялық, сондай-ақ өңірде сұранысқа ие техникалық бағыттар бойынша (ауыл шаруашылығы, құрылыс, сәулет, ветеринария және т.б.) әзірлеу және ашу.

9) Білім беру технологияларының трансфері (оқыту әдістемесі, Академиялық жетістіктерді бағалау, академиялық саясат және т.б., шетелдік тәжірибені ескере отырып, білім беру

бағдарламаларын өзектендіру, OGҚ тәжірибесімен алмасу, ғылыми-зерттеу қызметі) қамтамасыз етіледі.

10) Білім беру бағдарламаларын ұдайы жаңарту мақсатында еңбек нарығын форсайт-зерттеу және жаңа кәсіптерге қажеттілікті болжау жалғастырылатын болады. Университет өңірлік кәсіп карталарын әзірлеуге қатысады.

11) Білім беру бағдарламаларының мазмұнын жаңарту және ЖОО түлегінің моделін жетілдіру негізгі құзыреттер мен еңбек нарығының жаңа сын-қатерлерін ескере отырып жүзеге асырылатын болады.

12) Білім беру процесіне ECTS қағидаттарын одан әрі енгізу және академиялық еркіндікті кеңейту жөніндегі жұмыс жалғастырылатын болады.

13) Өңірдің кәсіпорындарымен ынтымақтастық жоғары оқу орнының кадрлар даярлаудың барлық бағыттары бойынша ұдайы кеңейтілетін болады. Білім беру бағдарламаларын әзірлеуге бизнес өкілдері мен жұмыс берушілерді тарту, сондай-ақ білім беру процесін ғылыми қызметпен интеграциялау жалғастырылатын болады.

14) Кәсіптік стандарттар негізінде инновациялық білім беру бағдарламаларын әзірлеу және өзектендіру және кәсіптік стандарттар мен кәсіптердің өңірлік карталарын ескере отырып, барлық білім беру бағдарламаларын өзектендіру жалғастырылатын болады.

Геймификация, «төңкерілген сынып» әдістері, проблемалық және жобалық оқыту, фасилитация, білім берудегі дизайн-ойлау және т. б. сияқты инновациялық оқыту әдістері пайдаланылатын болады.

15) Ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдарды оқыту және инклюзивті білім беру (пандустар, сырғанамайтын беттер, тактильді бағыттаушы жолақ, сөйлеу информаторлары мен маяктар, дыбыс күшейтетін жабдықтар және т.б.), сондай-ақ ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар үшін жеке білім беру траекториясын әзірлеу үшін жағдайлар қамтамасыз етіледі. Білім беру процесінде инклюзивті білім беру бойынша арнайы оқулықтардың саны ұлғайтылатын болады.

16) «Ана жұрттан - Ата жұртқа 100 оқулық» жобасы аясында Түркияның үздік университеттерінің 100 оқулығын қазақ тіліне аудару туралы шешім қабылданды.

17) Магистранттар мен докторанттардың іргелі және қолданбалы зерттеулерді іске асыруға қатысу пайызын арттыру жоспарлануда. Жетекші ғылыми-зерттеу институттары мен орталықтарында докторанттар мен магистранттардың тағылымдамадан өту тәжірибесі кеңейтіледі.

18) Назарбаев Университетінің тәжірибесін ескере отырып, Түркияның жетекші университеттерінің ішінен ортақ стратегиялық серіктестерді анықтау:

- Медициналық және стоматологиялық факультеттер, медициналық жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру факультеті – Хаджеттепе университеті.
- Жаратылыстану Факультеті – Erciyes университеті.
- Филология факультеті – Мармара университеті.
- Әлеуметтік -гуманитарлық ғылымдар факультеті – Гази университеті. Стамбул университеті
- Инженерлік факультеті - Билкент, ОДТУ, Йылдыз Техник университеті.
- Өнер факультеті – Мармара университеті.
– Экономика, басқару және құқық факультеті – Стамбул университеті, Ресей халық шаруашылығы және мемлекеттік қызмет академиясы (РАНХиГС).

Пилоттық режимде 2023 жылдан төрт білім беру бағдарламасы (медицина, теология, туризм және халықаралық қатынастар) бойынша оқытудың осы моделін іске асыру.

19) Жетекші халықаралық университеттер мен клиникалармен стратегиялық серіктестікте академиялық медициналық факультеттер интеграциясын дамытудың негізгі бағыттары:

- Клиникалық практикамен интеграциялау арқылы медициналық бағыттардағы оқу үдерісінің сапасын жақсарту.
- Ахмет Ясауи университетінің медицина факультеттері мен клиникаларын қамтитын медицина кластерін құру.
- Түркістан қаласында салынып жатқан көп бейінді клиниканы басқаруды университетке беру арқылы университеттің клиникалық базасын дамыту. Ахмет Ясауи университеті клиникасын қазіргі заманғы жабдықтармен жарақтандыру (МРТ, КТ, ангиограф, мамограф және т. б. сатып алу)
- Еңбек нарығында медициналық бағыттар бойынша сұранысқа ие мамандарды даярлаудың жаңа бағыттарын ашу (IT-медицина, кардиохирургия, медициналық жабдықтар инженері және т.б.).

- Әлемнің жетекші білім беру және ғылыми орталықтарында ОПҚ даярлау, біліктілігін арттыру арқылы медициналық мамандықтардың кадрлық әлеуетін арттыру, сондай-ақ үздік мамандарды шақыру.
- Жетекші медициналық білім беру орталықтарымен ғылым және инновация саласындағы ынтымақтастықты кеңейту.

20) Білім алушылардың жеке басын тұтас дамыту және өзін-өзі жүзеге асыру, өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі ұйымдастыру, әлеуметтік тәжірибе мен әлеуметтік жауапкершілікті игеру, қоғамның жаңа сұраныстары мен білім алушылардың қажеттіліктеріне сәйкес келетін тәрбие жұмысының дәстүрлі және жаңа нысандарын, тәсілдері мен әдістерін жаңғырту үшін оңтайлы жағдайлар жасалатын болады. Тәрбие функциясын іске асыру білім беру қызметімен бірлікте жүзеге асырылатын болады.

Білім алушылардың академиялық жетістіктерінен басқа, зерттеу қабілеттері мен қоғамдық белсенділікті, білім алушылардың университеттің қоғамдық өміріне және еріктілер қызметіне қатысу дәрежесін ескеру жоспарлануда, бұл білім алушылардың азаматтық-патриоттық құндылықтары мен әлеуметтік дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді.

21) Білім алушылардың өзін-өзі басқаруын дамыту, волонтерлік нысандарды кеңейту жөніндегі жұмыс жалғастырылатын болады. Университет қала мен аймақтың қоғамдық іс-шараларына белсенді қатысуды жалғастырады.

Көшбасшылық қабілеттер мен шешендік қабілеттерді дамыту үшін университет барлық деңгейдегі студенттер арасында пікірталас қозғалысын қолдайды.

22) Салауатты университет тұжырымдамасы алға жылжиды. Денсаулықты сақтау мақсатында университетте спортпен шұғылдану үшін жағдайлар жақсартылатын болады-спортпен шұғылдану үшін орындарды кеңейту, бұл спорт кешенінің құрылысын көздейді; спорт секцияларының жұмысын ұйымдастыру және оларға студенттерді тарту бойынша жұмыстар жалғастырылатын болады. Білім алушыларға медициналық көмек жетілдірілетін болады.

23) Психологиялық қызметтің жұмысы жандандырылады: агрессивті және аутоагрессивті мінез-құлықтың алдын алу бойынша, білім алушылар арасында нашақорлық мінез-құлықтың алдын алу, есірткіге тәуелді мінез-құлықтың ескертулері, өзін-өзі реттеу психикалық күй және мінез-құлық деңгейіндегі эмоционалды реакцияларды реттеу, тиімді қарым-қатынас және тұлғааралық қарым-қатынас әдістері, ақпараттық ортаның агрессивті әсерінен және жастарды құқыққа қайшы және деструктивті мінез құлық формаларына тартудан психологиялық қорғау құралдары.

### 4.3.3. СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТ 3. ҒЫЛЫМИ-ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘЛЕУЕТТІ АРТТЫРУ

1) Назарбаев Университеті үлгісінде технопарктен, бизнес-инкубатордан, коммерцияландыру кеңсесінен, прототиптік цехтан, стартап-орталықтан және т.б. тұратын өнімді және тиімді инновациялық инфрақұрылым мен экожүйені құру.

2) Университеттің ғылыми портфелін басқарудың тиімді жүйесін құру (ОПҚ мен университеттің цитат келтіру индексін арттыру бойынша жұмыс, ғылыми журналдарды халықаралық деректер базасына енгізу, ҒЗЖ қаржыландыруды арттыру бойынша жұмыс, тренингтерді ұйымдастыру және т.б.).

3) Университеттің негізгі ғылыми бағыттары бойынша тұрақты халықаралық серіктестікті орнату (гуманитарлық-педагогикалық, IT, медицина, жаратылыстану ғылымдары).

4) Университет білім алушылары мен қызметкерлері арасында стартап-мәдениетті дамыту.

5) Үкіметаралық келісімдер негізінде халықаралық ынтымақтастық үшін ғылыми жобалар мен бағдарламаларды іздеу мен іріктеу және оларды біздің университетте іске асыру жалғастырылатын болады.

6) ҚР ҒЖБМ гранттары бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу кезінде Түркия, Өзбекстан, Қырғызстан, Ресей және жақын және алыс шетелдердің басқа да елдерінің білім және ғылым ұйымдарымен ынтымақтастық жүзеге асырылатын болады.

7) Университет ғалымдары «Өнімді инновацияларды ынталандыру» жобасы шеңберінде ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыруды гранттық қаржыландыруға және ғылыми қызмет нәтижелерін коммерцияландырудың неғұрлым перспективалы жобаларын және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті («Ғылым қоры» АAҚ) гранттық қаржыландыруға арналған конкурсқа қатысатын болады.

8) Университеттің жоспарлы кезеңдегі ғылыми қызметінің басым бағыттары: археология, түркология, жаратылыстану ғылымдары, медицина, экология болады.

9) Технологияларды коммерцияландыру бойынша оқытушылардың біліктілігін арттыру бойынша үнемі семинарлар өткізілетін болады. Зерттеулерді қаржыландыру үшін жеке серіктестер мен жергілікті атқарушы органдардан инвестициялар тартылатын болады.

10) Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті базасында құрылып жатқан «экологиялық қауіпсіздік және экомониторинг» зертхана орталығы (бұдан әрі - орталық) (заңды тұлға құрмай-ақ) болашақ эколог, химик және биолог мамандарды практикалық даярлау базасына айналады. Орталықта экологиялық мониторинг, қоршаған ортаның (су, атмосфералық ауа, топырақ) ластануын бақылау бағыты бойынша ғылыми-зерттеу зертханалары шоғырландырылатын болады.

11) Университеттердің ғылыми зерттеулерін халықаралық ғылыми кеңістікке интеграциялауды күшейту үшін әлемнің жетекші ғылыми орталықтарымен және зертханаларымен келісімдер жасалады. Ғалымдарға патенттеу мәселелері бойынша ақпараттық-консультациялық қолдау көрсетіледі.

12) Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің базасында құрылып жатқан «Yassawi» академиялық артықшылық орталығы дамудың үш бағытын – медициналық, биотехнологиялық және экологиялық бағыттарын қамтиды, бұл болашақ мамандардың практикалық даярлығының базасы, сондай-ақ жас ғалымдардың ғылыми әлеуетін дамытудың өзегі болады. «Yassawi» академиялық артықшылық орталығы аясында келесідей зертханалар мен орталықтар ашу жоспарлануда:

- орталық ғылыми-зерттеу және диагностикалық зертхана
- клиникалық-диагностикалық орталығының базасында көз денсаулығы орталығын құру;
- функционалдық диагностика орталығы;
- биотехнология
- экология
- «Big Data in Clinical Medicine».

Жаңа орталықты құру инновациялық білім беруді қалыптастыруға ықпал етеді және медицина ғылымы мен практикасы саласындағы әлемдік жетістіктерді ықпалдастыруға мүмкіндік береді.

13) «Түркология» және «Білiг» журналдарының әлеуетін әлемдегі ең үздік ғылыми басылымдар деңгейіне көтеру қажет.